

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GLPR6468>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/TONA8029>

***С. С. Сағидулліева¹, Р. Б. Султанғалиева²,
М. С. Оразбек³**

^{1,3}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

²М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Орал қ.

*e-mail: samatovna2021@inbox.ru

ӘДЕБИЕТТЕГІ БАРОККО СТИЛІНІҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Өнерде барокко стилін мәтін мен мазмұн құрылысынан байқауға болады. Барокко стандарттары үнемі жаңарып, толығып жаңа мазмұнмен байып отырады. Соңғы жылдарға дейін барокко термині жағымсыз мазмұнда түсіндіріліп келді. Мақалада барокко терминінің шығу, даму тарихын қарастыра отырып, стилдің өзіндік ерекшеліктеріне, өнер саласында, әдебиеттегі берілуі тәсілі мен көркемдік көрінісіне тоқталдық. Барокко – өнер мен әдебиеттегі шындықты суреттеудегі әсемдік, талғампаздық, форма мен пішінінің түрлілігі, авторлардың қиял биіктігін талап ететін стиль. Барокко стилі авторлардың еркіндікке ұмтылысын сипаттайды. Осы уақытқа дейін барокко стилі кескін, сәулет, музыка өнеріндегі жүйелі қарастырылып келсе, біз зерттеуімізде әдеби термин ретінде қалыптасуындағы алғышарттары мен өзіндік белгілерін ашуғы тырыстық. Сонымен қатар, мақалада классицизм мен барокко арасындағы өзгешеліктерде қарастырылды.

Зерттеу барысында теориялық еңбектерге шолу, салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылды. Терминнің теориялық тұжырымын, қалыптасу кезеңін нақтылау мақсатында тарихи зерттеу, ғылыми еңбектерге талдау жасалынды. Ф. Монэ, П. Помей, А. Фюретьер, Т. Готье, Г. Вельфлин және отандық ғалымдар Р. Нұрғали, Ж. Аймұхамбет, С. Айтуғанова, Қ. Байтанасова, М. Оразбек т.б. зерттеулері басшылыққа алынды.

Кілтті сөздер. Көркем проза, бароккалық стиль, классицизм, қайта орлу дәуірі, көркем бағыт.

Кіріспе

«Барокко, барокко дәуірі» ұғымдары осыған дейін, тіпті өткен ғасырдың өзінде әдеттен тыс, көзге оғаш, сау адамның ойына келмейтін нәрселерге ұқсас мағынада қолданылып, нақты ғылыми анықтамасы болмады. Барокко термині ең алғаш архетиктура, кескіндеме, музыка саласында қолданылды. Әдеби термин ретінде ХХ ғасырда ғана бұл стиль өзге қырынан танылып, оны түсіндіруде көптеген оң қадамдар жасалды. Барокко сөзі португал тіліндегі *barrocco* «дұрыс емес пішінді інжу» дегенді білдіреді. Италиян тілінен шыққан барокко = табиғи түрде дұрыс емес пішінді інжу, біртүрлі, таңқаларлық; немесе латынның силлогизм фигурасының мнемоникалық белгілеуінен – *barros*; немесе ортағасырлық сөзден *baroco* – күлкілі педантизм; бастапқыда бұл термин «өте дәмді», ресми шығармалардың талғампаздығы деген мағына берді [1, 264 б.].

«Барокко» сөзінің алғашқы француз тіліндегі анықтамасын Филибер Монэнің «Француз және латын тілдерінің қысқаша қаз-қатар сипаттамасы» (1630) еңбегінен кездестіруге болады. «Инжу-маржан» мақаласында автор былай деп жазады: «Барокко – бұл сопақша, ұзын және жұқа інжу-маржан». П.Помейдің (1671) «Король сөздігінде» бұл сөзге «Барокко – бұл дөңгелек пішінді, бір жағы жалпақ, екінші жағы дөңес болып келетін інжу» деген анықтама беріледі. Бұл мағыналарды А. Фюретьер өзінің «Әмбебап сөздігінде» (1690): «Барокко – дұрыс өңделмеген, дөңгелек пішінді інжу тас» деп қорытады. Француз академиясы сөздігінің 1694 жылғы алғашқы басылымындағы барокко ұғымының анықтамасы: «қисайған дөңгелек тәрізді інжу-маржан», бұл сөздің теріс мағынаға ие екенін растайды [2, 98 б.].

Бірақ көп ұзамай бұл тұжырымдар барокко терминінің шынайы мәнін түсіндіруге жарамсыз болып қалды. Менаж өзінің «Этимологиялық сөздігінде» (1750) оны лайықты «блазонға» (XVI ғасырдағы шағын поэма жанры) немесе натюрмортқа теңейді, маржандай тізілген моншақтарды иронияны қолданып, адамның тістерімен салыстырады: «Барокко – бұл інжу-маржандар немесе үлкенді-кішілі әртүрлі тістер» [3].

Келесі XVIII ғасырда барокко терминінің мағынасы жаңа бейнелі сипаттамалармен толығып, барокко сөзінің тағдырының жаңа дәуірі басталады. Ұғымның аумағы біртіндеп кеңейеді, көбінесе барокко термині сыртқы кескін-келбетті (портрет, адамның бет әлпетін), қандай да бір оғаш, оспадар ойды немесе езу тартқызатын ерсі қылықты, әрекетті суреттеу үшін қолданылады.

Сөздің мағынасының кеңейгенін Француз академиясының сөздігінен (1740) көруге болады. Барокко ауыспалы, бейнелі мағынада

қисынсыз, ақылға сыймайтын, жөнсіз нәрсені (ой, пікір, қылық, сырт келбет) білдіру үшін қолданылады.

Ағылшын зерттеушісі Рой Дэниэлс «Ағылшын әдебиетіндегі барокко стилі» еңбегінде: «Барокко» түсінігі жағымсыз тұрғыда қарастырылып келді. Ағылшын әдебиеті готикалық стилін қабылдағанымен, барокконы тұрпайы мағынада түсініп, сыннан алшақтатты. Жазушы Раскин өз шығармаларымен барокко стилін қалыптастырды» [4] деп көрсетеді.

Кейбір деректерде барокко терминін француз сыншысы Теофил Готье «арабеск», «гротеск» ұғымдарымен бір уақытта енгізген. Басқа ғалымдардың пікірінше, бұл терминді XIX ғасырдың соңында швейцариялық Я. Буркхардт пен Г.Вельфлин теоретиктер енгізген, олар қайта өрлеу дәуіріне қарсы тұрған әртүрлі мәдениеттердің соңғы кезеңдерінің барокконың мәңгілік стилін тарихтан тыс жасаған деп есептеген. Ренессанс пен барокко ауыспалы стилистикалық принциптер ретінде қарастырылды. Евгенио д'Орс барокконы Ницшенің «Дионисий» өнеріне жақын өркениеттер дамуының мәңгілік қайталанатын кезеңі деп санайды [1, 264 б.].

XVIII ғасырдың ортасында «барокко» термині XVII ғасырдағы сәулет өнерінің көркем және экстравагантты стилін сынау мақсатында қолданылды. Кейінірек ол теріс реңкті жоғалтып, мүсін өнерінде, кескіндемеде, музыкада, әдебиетте қолданыла бастады.

Барокко терминінің отандық зерттеушілер: «Барокко – шығармашылықтың еркіндігі, шексіз қиялға берілу. Әдеби туындыларда адамның тағдыр алдындағы қорқынышы, белгісіз жағдайларға қатысты үрейленуі, өлімді күту, каталдық пен әділетсіздікке кездесуден қауіптену секілді эмоциялық күйлер суреттеледі. Бұл адам баласын тығырық күйден шығудың амал-тәсілдерін ойлауға, қандай тұрғыдағы да шектеуліктен шығуға бастайды. Сондықтан бароккоға тән сипат – бейне мен тілдік қолданыстың әдейі күрделенуі, әдемілік пен сезімнің тым асқақтығы. Барокко тілі өте күрделі, ол қалыптан тыс тәсілдерді, бейнелеудің аса бір өрнектілігін, айшықтылығын қолданады. Өмірдің иллюзияланған болмысын көру арқылы күрделі символдарға, метафораларға, декоративтілікке, аллегорияға көп сүйенеді. Барокко әдебиеті үнемі шынайылық пен жалғандық, ақиқат пен ойдан шығару, «болу немесе елестету» секілді қарама-қайшылықпен бетпе-бет келіп отырады...», – деп көрсетеді [6, 43–44 бб.].

Бұл термин өнердің алуан түрлерінде қолданылады. Музыкада құлаққа жағымсыз және біртүрлі естілуі, басқаша айтқанда, бароккода үйлесім болмайды. Сәулет өнерінде барокко шеңбер мен шаршы пішіндерінің бұзылуымен, ою-өрнектерінің қисынсыздығымен сипатталады. Сурет өнерінде барокко суретшінің қыңыр ырқына ғана бағынып, пропорция дегенді білмейді

Әдебиетте бароккоға тән оғаштық жалпыға ортақ ережелерден алшақтауды білдіреді, тәуелсіздікке, фантастикалық эксцентриситетке деген ұмтылыспен ұқсастырылады.

Материалдар мен әдістер

Мақалада барокко терминінің шығу тарихын, әдеби термин ретінде қалыптасу кезеңдерін шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасау арқылы салыстырмалы зерттеулер жүргізілді. Терминнің толық мәнін ашу, көркем әдебиеттегі қолданысын қарастыру мақсатында деректерді жинастыру, талдау, жүйелеу жұмыстары жүргізілді.

Нәтижелер және талқылау

Барокко – қайта өрлеу мен классицизм арасындағы кезеңде болған (XVI–XVII ғасырлар, ал кейбір елдерде XVIII ғасырға дейін), ренессанс пен ренессанс гуманизмінің дағдарысынан туындаған көркем мәдениеттің дамуының бүкіл тарихи кезеңін қамтитын термин.

Барокко классицизмге қарсы ағым ретінде, қайшылықтарды еңсеруге ұмтылу, шығармашылық қиялға ерік беру, серпілу мағынасына ие болды. XVIII ғасырдың II жартысынан бастап бұл ұғымның мағынасы семантикалық тұрғыдан «варварлықпен», «ортағасырлық қараңғылықпен», «готикамен» ұштастырылады, бірақ тарихи орныққан стильді емес, айқын және үйлесімді антика стилінен өзгеше «нашар талғам» дегенді білдіреді. Осылайша, «бұрыс», «біртүрлі» барокко стилі «талғамсыздық» ретінде қарастырылады, өйткені пропорция, өлшем және үйлесім ережелеріне емес, автордың ұшқыр қиялына бағынады.

XIX ғасырдың соңына дейін бароккоға қатысты ғылыми тиянақтылық талаптары қойылған жоқ. Өнер теориясы сарапшыларының көпшілігі екі стиль: иррационал, экстравагантты барокко және ұтымды, теңдестірілген классицизм арасындағы нормаға айналған қарсылыққа негізделген ескі көзқарастарды ұстанады.

Француздар барокконың «біртүрлілігіне» дәлірек лингвистикалық анықтама беруге тырысып жатқан кезде, неміс өнер тарихшылары бұл құбылыстың эстетикалық табиғаты туралы жаңа сөздерді енгізді. Тарих және өркениет профессоры Якоб Бурхард өз еңбектерінде барокко архитектурасын Қайта өрлеу сәулетімен салыстыра отырып, барокконы Қайта өрлеу дәуірінің өнеріндегі құлдыраудың бір түрі ретінде сипаттайды. Оның шәкірті, швейцариялық өнер тарихшысы Г.Вельфлин (1864–1945) барокко өнерін бағалау мен түсіндіруде түбегейлі төңкеріс жасайды. Ол өнердегі стилдің шығу, даму тарихын зерттейді. 1886–1888 жылдары Италияда тұрып, бұл елдің өнерімен танысып, ол «Қайта өрлеу және барокко» [7] атты барокко стилін бұрыс анықтамадан ақтайтын ғылыми еңбегін жазады. Кейінірек,

20 жылдан кейін, ол өзінің «Өнер тарихының іргелі қағидаттары» (1915) [8] атты басты еңбегін жариялайды.

Г. Вельфлин үш қағидатқа сүйене отырып, барокко стилінің трансформациясы туралы өз тұжырымын жасайды:

- көркем суреттің безендірмелік әсері, әртүрлі бояулар (шындықтың болар-болмас басымдығы, жарық көлеңкесі, ретсіздік);

- массаның әсері (массалық ауқымға, ауыр салмаққа ден қою, пішіннің жоғалуға дейін түрленуі, дөңестігі, элементтердің әртүрлілігіне баса назар аудару қажет);

- қозғалыс әсері (бағытпен жүру сезімі, биікке, көкке ұмтылу, мотивтердің біркелкі бөлінбеуі, метрикалық емес, ырғақты сабақтастық, пропорциялардың тұрақсыздығы). Бұрын зерттеушілер классикалық идеалға сүйене отырып, «пішіндердің жұтандығы» туралы ойлар қозғаса, Г. Вельфлин бароккодағы шындықтың бейнелеуін ойынға теңейді, экстравагантты контурлардан аспан мен жер арасында тербеліп тұрған иллюзияны құру моделін әсерлі деп таниды.

Бұл ғалымдардың ұзақ уақыт бойы Қайта өрлеу өнерінің құлдырауы, деградациясы деп санаған барокко өнеріне деген жаңа көзқарасын қалыптастырды. Барокко өнердегі стиль, сондай-ақ тарихи кезең болып табылады. Бұл стильді ол Қайта өрлеу дәуірі өнерінің жаңа кезеңге көшуі немесе түрленуі ретінде қарастырады. Жаңа дәуір жаңа пішіндерді тудырады. Вельфлиннің пікірінше, Қайта өрлеудің соңғы кезеңінің ұлы шеберлері барокко өнерін өздері жасайды.

Автор өз зерттеуінде классика мен барокко арасындағы айырмашылықтарды түсіндіруге тырысады. Әдебиеттегі барокко туралы заманауи ойлардың бастауы оның жаңалықтарына негізделген. Қайта өрлеу (шамамен 1500 ж.) және келесі ғасырдағы (XVI ғ. аяғы-XVII ғ. басы) сурет, картина, гравюра, мүсіндерді мысалға алып, олардың сәйкессіздіктеріне тоқтала отырып, ол барокко өнерінің даму сатысының келесі ережелеріне сүйене отырып, төмендегіше сипаттайды:

1) сызықтардан кескінге, көркем суретке көшу. Классикалық өнерде заттар шын кейпінде, бастапқы өзгермейтін тұрақты тұрпатында берілсе, барокко өнерінде олар бұрмаланып, орнықсызданады.

2) Жоспарды елестете білуден тереңдікті елестете білуге көшу. Бұл қарама-қайшылық кеңістікті пен уақыттың, шығарманың бөліктері арасындағы байланысқа қатысты. Классикалық өнерде тұтас заттың бөліктері анық жоспарларда орналасады, ал барокко құбылыстарды алға қарай шығарады және артқа қарай ысырады. Бірінші жағдайда кеңістік шектеулі, көлденең қабаттарға бөлінеді, фигуралар түзу сызықпен орналастырылады.

Екіншісінде кеңістік тереңдікке бойлайды, фигуралар мен элементтер жасырын орналасады;

3) Жабық пішіннен ашық пішінге өту. Классикалық өнерде болмыс эпизоды немесе көрінісі табиғи аяқталған түрде беріледі, барокко өнерінде кадр немесе көрініс аяқталмаған сипатқа ие, шығарма оның иесінің кездейсоқ көріп қалған және суретке түсірген шындығының үзік фрагменті болып табылады. Вельфлиннің зерттеулерінің арқасында барокко классика биігіне көтерілді.

Стиль дәуірдің көрінісі болып табылады. Жаңа өмірлік мұраттар мен басымдықтар барокко өнерінде көрініс табатыны айдан анық.

XX ғасырдың басында барокко өнердегі стиль болып танылды. М. Реймон жазған пікірге үңілсек: «Классицизм өкілдері авторитаризм, қатаң дәстүр, формулаларды берік ұстанады, ал барокко – бұл бостандық» [9, 9 б.]. Бұл идея XIX–XX ғасырлар тоғысындағы еуропалық авторлардың еңбектерінде көрініс тапты.

Сонымен, «Барокко туралы» (1931) кітабында испан философы Э. д'Орс еон *baroque* (барокко рухы) деп аталатын теорияны жасайды. Категория немесе тұрақты шама деп аударуға болатын еон термині төңірегіндегі ғалымдардың даулары басылмағанына қарамастан, бұл кітап барокко тарихнамасы үшін маңызды кезең болып табылады. Әртүрлі мәдени құбылыстарды қарастыра отырып, автор барокко құбылысы тек өнер үшін ғана емес, бүкіл өркениет үшін де қызықты деген қорытындыға келеді. Д'Орстың айтуы бойынша, «...классикалық рух пен барокко рухы арасындағы қарым-қатынас – бұл АҚЫЛ-ОЙ мен ӨМІР арасындағы байланыс мәселесі. Бұл тайталастың түрлі қырлары болуы мүмкін: Аполлон – Дионис, тәртіп – аласапыран, табиғи – жалған» [10, 70 б.]. Барокконың уақытқа бағынбайтын ұғым екенін, оның әртүрлі көріністері әртүрлі дәуірлерде және әртүрлі елдерде байқалып отырғанын алға тартқан ғалым барокко мәдениет стиліне жатқызады және оны транзисторизм құбылысы ретінде айқындайды: әртүрлі уақытта және әртүрлі елде оның әртүрлі нұсқалары мен өзіндік схемасы кездесіп отырды.

Барокко термині келесі кезеңде жан-жақты түсіндірілуін шектейтін диалектикалық қозғалыс мағынасына ие болады, бұл жерде стилистикалық қолданылу аясы кеңейіп, тарихи анықтамасы тарыла түседі. Айталық, А. Фосийон «Пішіндердің өмірі» (1936) атты кітабында барокконың пішіндердің өмірінің бір сәті ретінде анықтайды, оған тән ерекшеліктерді тізбелейді: «Ең алдымен, еркіндік: пішіндер өздеріне қойылған шектеулерден асып шығып, кеңістікті басып алуға тырысқан кезде өндері бұзылады. Әрі қарай, өнер синтезі жүреді: олардың тамырлары бір-бірімен бітісіп, шекараларды еңсеріп, бір-бірінің қасиеттерін тартып алады. Түптің түбінде

өткенге деген сағыныш басылмайды: барокко бұрынғы, ескі пішіндерден шабыт алады, демеу іздейді» [11, 25 б.]. «Пішіндердің өмірі» еңбегінде ғалым әртүрлі дәуірлерде, әртүрлі стильдерде кездесетін белгілі бір кезеңдерді көреді: архаизм фазасы немесе эксперименттік – тепе-теңдік пен доктринаны іздеу; классикалық фаза – өркендеу және тәртіпке келтіру кезеңі; барокко фазасы – талғампаздық, қиял, даму дәуірі. «Осылайша Қайта өрлеу дәуірінен кейінгі өнердің өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары мол болуына байланысты ол дәуір Грециядағы эллиндік кезең немесе орта ғасырдың аяғындағы өнердегі жалынды готика сияқты барокко деп аталуға әбден лайықты» деп тұжырымдайды [11, 28 б.].

Қорытынды

Барокко – қайта өрлеу дәуірінің көркемдік бағыты, ол осы дәуірдегі дағдарыстық бейбітшілік пен тұлға тұжырымдамасын бейнелейді. Барокко стилінің кейіпкерлері – бұл өмірдің мәні мен құндылығы туралы өзін-өзі танытқан немесе оның сүйкімділігін бағалайтын күмәнге толы жоғары тұлғалар. Барокконың көркемдік тұжырымдамасы – гуманистік тұрғыдан бағытталған, алайда әлеуметтік тұрғыдан күмәнға толы, адамның мүмкіндіктеріне таңдануы, болмыстың пайдасыздығын сезіну және зұлымдыққа қарсы күресте жеңіліске ұшыраған жақсылыққа толы сәттер бейнесі.

XX ғасырдың 70–80-ші жылдарында барокконы зерттеу библиографиясы саны мен сапасы жағынан жоғары дәрежеде жүргізілді. Қазіргі зерттеушілердің пікірінше, барокко стиліне қатысты екі түрлі көзқарастар қолданылуы тиіс: таптаурын белгілері жағынан және мәдени, әлеуметтік, психологиялық шындықтың «әсерлі символы» ретінде. Барокко сырбаз декорацияларға, толысқан пішіндерге, қиялға, әсемдікке толы. Белгілі бір тарихи дәуірге (XVI–XVII ғасырдың аяғы), географиялық кеңістікке (Еуропаның басым бөлігі), пайда болған жеріне (Италия) қатысты барокко ірі мәдени қозғалысты білдіреді. Барокконың көркем стиль ретінде зерттеу бүгінгі күнге дейін жалғасуда.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Борев, Ю. Б.** Эстетика [Текст]. – М. : Высш. шк., 2002. – 511 с.
- 2 **Михальченко, Т. В.** К вопросу об этапах изучения художественного стиля барокко [Текст]. //Філологічні студії: Науковий вісник Криворізького державного педагогічного університету. – 2008. – № 1. – С. 97–105.
- 3 **Ménage, G.** Dictionnaire etymologique de la langue Française. 1613–1692 [Текст]. [Электронды ресурсы]. – https://archive.org/details/b30456459_0002 (Қаралған уақыты: 15.05.2023)

4 **Daniells, R.** Baroque Form in English Literature [Текст] // University of Toronto Journal. – 2013. – Vol. 14(4). – P. 393–408

5 Философиялық сөздік. / Құраст.: Нұрғали Р. Н., Ақмамбетов Ғ. Ғ., Әбділдин Ж. М. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996. – 525 б.

5 Гуманитария. Анықтамалық. 350 сөз. / Құраст.: Байтанасова Қ. М. (жауапты ред.), Аймұхамбет Ж. Ә., Оразбек М. С., Айтұғанова С. Ш., Сағынадин Ғ. С., Кәпұлы Д., Миразова М. Н. (орындаушылар). – Алматы: «ARDA» баспасы, 2020. – 244 б.

6 **Вельфлин, Г.** Ренессанс и барокко [Текст]. – Санкт-Петербург: «Азбука-классика», 2004. – 284 с.

7 **Вельфлин, Г.** Основные понятия истории искусств: учебное пособие [Текст]. – Санкт-Петербург: Лань: Планета музыки, 2020. – 2-е изд. – 244 с.

8 **Raymond, M.** Baroque et Renaissance poetique [Текст]. – P., 1985. – 172 p.

9 **Ors, E. d'** Du baroque. – P., 1983. [Электронды ресурс]. – <https://archive.org/details/dg-2862-450-455-dg-2862-450-455> (Қаралған уақыты: 10.04.2023)

10 **Guilbert, B.** Le baroque litteraire francais. – P., 1997. – 272 p.

References

1 **Borev, Yu. B.** E`stetika [Aesthetics] [Text]. – Moscow: Higher School, 2002. – 511 p.

2 **Mikhailchenko, T. V.** K voprosu ob etapakh izucheniya khudozhestvennogo stilya barokko [On the question of the stages of studying the Baroque art style] [Text]. //Filologichni studii: Naukovij visnik Krivoriz' kogo derzhavnogo pedagogichnogo universiteti. – 2008. – № 1. – p. 97–105.

3 **Ménage, G.** Dictionnaire etymologique de la langue Française. 1613-1692 [Text]. [Electronic resource]. – https://archive.org/details/b30456459_0002 (date of the application: 15.05.2023)

4 **Daniells, R.** Baroque Form in English Literature [Text] // University of Toronto Journal. – 2013. – Vol. 14(4). – P. 393-408

5 Filosophiyalyq sozdk [Philosophical Dictionary] / Qūrast.: Nurgali R. N., Aqmambetov G. G., Abdildin Zh. M. – Almaty: «Qazaq enciklopediyasy», 1996. – 525 p.

6 Gumanitariya. Anyqtamalyq. 350 soz [Humanitarianism. Reference. 350 words.] / Qūrast.: Baitanasova Q.M. (zhauapty red.), Aimukhambet Zh. A., Orazbek M. S., Aituganova S. Sh., Sagynadin G. S., Kapuly D., Mirazova M. N. (oryndaushylar). – Almaty: «ARDA» baspasy, 2020. – 244 p.

7 **Vel'flin, G.** Renessans i barokko [Renaissance and Baroque] [Text]. – Sankt-Peterburg: «Azbuka-klassika», 2004. – 284 p.

8 **Vel`flin, G.** Osnovnye ponyatiya istorii iskusstv: uchebnoe posobie [Basic concepts of art history: a textbook] [Text]. – Sankt-Peterburg: Lan: Planeta muzyki, 2020. – 2 izd. – 244 p.

9 **Raymond, M.** Baroque et Renaissance poetique [Text]. – P., 1985. – 172 p.

10 **Ors, E. d'** Du baroque. – P., 1983. [Electronic resource]. – [https:// archive.org/details/dg-2862-450-455-dg-2862-450-455](https://archive.org/details/dg-2862-450-455-dg-2862-450-455) (date of the application: 10.04.2023)

11 **Guilbert, B.** Le baroque litteraire francais. – P., 1997. – 272 p.

Басып шығаруға 08.09.23 қабылданды.

*С. С. Сагидуллиева¹, Р. Б. Султанғалиева², М. С. Оразбек³

^{1,3}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана;

²Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова,
Республика Казахстан, г. Уральск.

Принято к изданию 08.09.23.

ИНТЕРПРЕТАЦИЯ СТИЛЯ БАРОККО В ЛИТЕРАТУРЕ

В искусстве стиль можно увидеть в построении текста и содержания. Стандарты стиля барокко постоянно обновляются и обогащаются новым содержанием. До последних лет термин барокко трактовался негативно. В статье, рассматривая историю происхождения, развития термина барокко, мы остановились на специфике стиля, способе передачи и художественном выражении в области искусства, в литературе. Барокко – стиль, требующий изящества, элегантности, многообразия форм и форм в изображении действительности в искусстве и литературе, высоты воображения авторов. Стиль барокко характеризует стремление авторов к свободе. До сих пор стиль барокко систематически рассматривался в изобразительном, архитектурном, музыкальном искусстве, в нашем исследовании мы пытались раскрыть его предпосылки и своеобразие в становлении как литературного термина. Кроме того, в статье рассматривались различия между классицизмом и барокко.

В ходе исследования были использованы методы обзора теоретических работ, сравнительного исследования. С целью уточнения теоретической формулировки термина, периода становления было проведено историческое исследование, обзор научных трудов. Руководствовались исследованиями Ф. Монэ, П. Помея, А. Фюретьера, Т. Готье, Г. Велфлина и отечественных

ученых Р. Нургали, Ж. Аймухамбета, С. Айтугановой, К. Байтанасовой, М. Оразбека и др.

Ключевые слова: Художественная проза, стиль барокко, классицизм, ренессанс, художественное направление.

*S. S. Sagidulliyeva¹, R. B. Sultangaliyeva², M. S. Orazbek³

^{1,3}L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Astana;

²M. Utemisov West Kazakhstan University,

Republic of Kazakhstan, Uralsk.

Accepted for publication on 08.09.23.

INTERPRETATION OF THE BAROQUE STYLE IN LITERATURE

In art, style can be seen in the construction of text and content. The standards of the Baroque style are constantly updated and enriched with new content. Until recent years, the term Baroque was interpreted negatively. In the article, considering the history of the origin and development of the term Baroque, we focused on the specifics of the style, the method of transmission and artistic expression in the field of art, in literature. Baroque is a style that requires grace, elegance, a variety of shapes and forms in the depiction of reality in art and literature, the height of the imagination of the authors. The Baroque style characterizes the authors' desire for freedom. Until now, the Baroque style has been systematically considered in the visual, architectural, and musical arts, in our study we tried to reveal its prerequisites and originality in becoming a literary term. In addition, the article considered the differences between classicism and Baroque.

In the course of the study, methods of reviewing theoretical works and comparative research were used. In order to clarify the theoretical formulation of the term, the period of its formation, a historical study and a review of scientific papers were conducted. They were guided by the research of F. Monet, P. Pomey, A. Furetier, T. Gauthier, G. Velflin and domestic scientists R. Nurgali, J. Aimukhambet, S. Aituganova, K. Baitanasova, M. Orazbek and others.

Keywords: Artistic prose, Baroque style, classicism, renaissance, art direction.

Теруге 08.09.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.09.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,32 МБ RAM

Шартты баспа табағы 23,77. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4138

Сдано в набор 08.09.2023 г. Подписано в печать 29.09.2023 г.

Электронное издание

3,32 МБ RAM

Усл. печ. л. 23,77. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4138

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz